

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

Бүгін жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы болып өтті. Комиссия отырысына аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімінің орынбасарлары, қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен ауданның дербес бөлім басшылары қатысты.

Күн тәртібіне енгізілген мәселелер:

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №16-115-VII «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы;

2. Сарыағаш ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамашылар баяндама жасап, мәселелер толығымен талқыланды. Баяндамашыға сұрақтар қойылып, тиісті ұсыныстар беріліп, аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясына жіберілді